

6 дәріс. Кәсіби (профессионалдық) музейлер

Жоспар:

1. Кәсіби музейлердің қалыптасу тарихы
2. Техникалық көрмелер

Континентальды Европада өндірістік өнер музейлеріне деген қызығушылық әсіресе, Германия мен Австрияда қарқынды дамыды. Мысалы, Венада (1863 ж.), Берлинде (1867 ж.), ал 1870 жж. Германияның Дрезден, Лейпциг, Гамбург қалаларында өндірістік өнер музейлері ашылды. Қолөнершілерді оқыту мақсатында құрылған коллекциялар – оқушылар мен келушілерге талғамның жақсы үлгілерін және заттарды дайындаудың техникалық процестерін көрсетті.

Сонымен қатар, аталған музейлермен қоса, сол уақытта жаратылыстану-ғылыми музейлері де дамып, олардың мақсаты көркем-өндірістік музейлермен салыстырғанда білім беру емес, ағартушылық бағытында қызмет атқарды. Лондон жаратылыстану музейінің директоры Г.Флауэр музейдегі куратордың ролі жөнінде былай дейді: «кім ауқымды білім алғысы келсе, ізденушілік арқылы көптеген мәдени адамдар аталған саланының арнайы мамандары және сарапшыларына айналады».

Табиғатқа, ғылымға, ұлттық мәдениетке, тарихқа қызығушылық зообақтардың, политехникалық, этнографиялық, тарихи типтегі музейлердің ашылуына ықпалын тигізді.

1873 ж. Швецияда ашық аспан астындағы Солтүстік музейі ашылады (кейіннен «Скансен» деп аталады). Адам тұрмысын табиғи ортада көрсете отырып, музей этнографиялық материалдар жинауды алдына мақсат етіп қойды. Бұған Париж сарайындағы Трокадеро этнографиялық музейі (1878 ж.) мысал бола алады, ол жинау және ағарту қызметін француз тұрмыстық заттарының коллекциясын жинаумен бастап, кейін басқа халықтар туралы этнографиялық деректер, әсіресе, африка халықтары туралы мәліметтер жинақтаумен жалғастырды.

Европадағы алғашқы тарихи музейлер қатарына Москвадағы тарихи музейді жатқызуға болады. 1872 ж. тарихшы И.Е. Забелин және археолог А.С. Уваровтың бастауымен құрылған музей Ресейдің тарихы және мәдениеті мұраларын жинақтап, тарихи ғылым мен ағартушылықты дамыту мақсатын ұстанды. Алайда, мұнда білім беру қызметін көркем және техникалық музейелер жүргізді. Техника әлеуметтік-экономикалық процестер және мәдениет пен ғылым дамуында зор роль атқарды. Ол әлемді өзгертіп қана қоймай, ұлттық мақтаныштың құралына айналды.

Техникалық музейлердің тарихы 1879 ж. Париждегі Ұлттық техника музейінің ашылумен басталды, онда модельдер, машина, ғылыми құралдар жинақталды. Біртіндеп мұнда әлемдік үздік сағаттар, алғашқы фотоапараттар коллекциясы және т.б. жинақталды.

Париж техникалық музейіне қарағанда, Лондон ғылым музейі (1876 ж. құрылған) заманауи модельдер, әртүрлі механизм түрлерін жинақтай отырып, өзінің бұрынғы білім беру қызметін сақтап қалды.

Жаратылыстану ғылымы және техниканың жетістіктерін көрсету мақсатында, 1872 ж. алғаш Москвада Политехникалық музейде қолданбалы өнер жайлы білім берудің ашық есік күні өтті. Оның негізгі ұйымдастырушылары - жаратылыстану, антропология, этнографиямен айналысушылардың Императорлық қоғамының мүшелері болды. Бұл қоғамның мақсаты ғылым және жаратылыстану білімдерінің таралуына ықпал жасау болғандықтан, аталған музейдің міндеттері төмендегідей болды:

1. Жалпы білім беру - білімнің кең көлемде таралуы;
2. Арнайы – техникалық білім мен ғылымның дамуына ықпал жасау.

Өзінің қызметінде аталған мақсаттардан ауытқымай жұмыс жүргізу нәтижесінде музей «ғылым мен техника туралы ойлар жөніндегі үйі, трибунасы, лабораториясына айналып, екінші жағынан, ағартушылық бағыттағы аудиторияға айналды».

Білім беру қызметінің теориясы мен әдістемесі Германияда қарқынды түрде дамыды. 1882 ж. бастап жылда өтетін техникалық көрменің нәтижесінде 1903 ж. Мюнхенде жаратылыстану-ғылыми және техника профиліндегі музей эталоны құрылған болатын. Ғылым мен техника саласындағы жетістіктерді таныта отырып, музей адамдар өмірінің сапасына прогрестің әсерін көрсетті. Осы мақсатпен оның экспозицияларында әр түрлі кәсіп түрлері мен техникалық құралдар көрсетілді. Мұнда экскурсиялар ұйымдастырылып, дәрістер оқылды, қаланың 10 жастан асқан әрбір мектеп оқушысы (ата-анасымен немесе мұғаліммен бірге) жылына бір рет музейде болу керек болды. Арнайы құрылған қайырымдылық қорының ықпалымен 250 жұмысшы, студенттер, жоғарғы сынып оқушылары Мюнхенге келіп, бес күн бойы музей коллекцияларымен танысуға мүмкіндік алды.

Жаратылыстану мен техника үздік туындыларына байланысты неміс музейінің ашылуы тек Германия үшін ғана емес, сондай-ақ, бүкіл Европа үшін маңызды болды. 1903 ж. Мангеймде «Музей - білім беру және тәрбие беру мекемесі ретінде» атты конференция өтті, конференция талантты музей қайраткері және педагогі А. Лихтварктың идеяларына арналған жиын ретінде өтті, А. Лихтварк конференцияны басқара отырып, музейдің білім беру қызметінің маңыздылығын көрсетті. Оның ойы бойынша, музей университеттермен, академиялармен қарым-қатынас жасай отырып, әлеуметтік топтардың барлық мүшелерінің тәрбиесіне әсер ету керек. А.Лихтварктың бұл көзқарасы неміс музейлеріне жүргізген ауқымды саралаулардың нәтижесінде туған болатын.

Конференция музейдің білім беру қызметінің болашақ дамуына үлкен әсерін тигізді. Алғаш музей практикасында музейлердің педагогикалық потенциалы және оны оқытуда қолдану мүмкіндіктері анықталды. Жалпы ұлттық форум аясында өткен конференцияның қорытындысы – музейлер білім және тәрбие беру құралы болу керек деген пікір болды.

Конференцияның шешімі бойынша, 1905 ж. Европада алғаш рет арнайы музейтанушылық «музей Умскунде» атты журналы жарыққа шықты. Онда тек Германиядағы ғана емес, сондай-ақ, АҚШ-тағы музей мен халықтық білімнің өз ара ықпалы жайлы мақалалар жарияланды. Бұл жарияланымдардың басты

мақсаты - музейдің тек көркем құндылықтарды сақтау орны ғана емес екендігін, сонымен қатар, оның жаңа құндылықтардың пайда болуына әсер етуші мүмкіндігін көрсету еді.